

**«Бадамша мектеп-бөбекжай-бақшасы»КММ бойынша
№ 75 бұйрық**

Бадамша ауылы

22.04.2023ж

**2023-2024 оқу жылының аяқталуы
білім алушылардың аралық, қорытынды
аттестаттаудан өту мерзімдері туралы**

Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 4 қазандағы «Орта білім беру ұйымдарында 2023-2024 оқу жылының басталу және аяқталу мерзімдерін, сондай-ақ білім алушыларды аттестаттаудан өткізу мерзімдерін айқындау туралы» №304 бұйрығы негізінде:

БҰЙЫРАМЫН:

1. 2023-2024 оқу жылының аяқталуының мынадай мерзімдері айқындалсын:

- мектепалды даярлық сыныбында, 1-11 сыныптарда оқу сабақтары 2024 жылғы 25 мамырда аяқталсын;

2. Аралық аттестаттауды өткізудің мынадай мерзімдері бекітілсін:

- 5-8,10 қазақ тілінен басқа тілде оқытатын сыныптар үшін 2024 жылдың 27-31 мамыры аралығында жазбаша және ауызша (тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым) қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінен емтихан тапсырылсын.

3. Қорытынды аттестаттауды өткізудің мынадай мерзімдері бекітілсін:

9 сынып білім алушылары үшін:

1) қазақ тілі/орыс тілі және өзбек/ұйғыр/тәжік тілінде білім беретін мектептер үшін ана тілі (оқыту тілі) бойынша эссе нысанында жазбаша емтихан, гуманитарлық цикл пәндерін тереңдетіп оқытатын мектеп білім алушылары үшін - жазбаша жұмыс (мақала, әңгіме, эссе) – 2024 жылғы 29 мамыр;

2) математика (алгебра) бойынша жазбаша емтихан (бақылау жұмысы) – 2024 жылғы 3 маусым;

3) орыс/өзбек/ұйғыр/тәжік тілінде оқытатын сыныптарда қазақ тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан (мәтінмен жұмыс, мәтін бойынша тапсырмаларды орындау) және қазақ тілінде оқытатын сыныптарда орыс тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан (мәтінмен жұмыс, мәтін бойынша тапсырмаларды орындау) – 2024 жылғы 6 маусым;

4) таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан (физика, химия, биология, география, геометрия, Қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы, әдебиет (оқыту тілі бойынша), шет тілі (ағылшын/француз/неміс), информатика) – 2024 жылғы 10 маусым;

11 сынып білім алушылары үшін:

1) қазақ тілі/орыс тілі бойынша және ұйғыр/тәжік/өзбек тілінде білім беретін мектептер/сыныптар үшін ана тілі (оқыту тілі) бойынша жазбаша емтихан – 2024 жылғы 28 мамыр;

2) алгебра және анализ бастамалары бойынша жазбаша емтихан – 2024 жылғы 31 мамыр;

3) Қазақстан тарихы бойынша ауызша емтихан – 2024 жылғы 4 маусым;

4) орыс/өзбек/ұйғыр/тәжік тілдерінде оқытатын мектептерде/сыныптарда қазақ тілі мен әдебиетінен және қазақ тілінде оқытатын мектептерде/сыныптарда орыс тілі мен әдебиетінен жазбаша емтихан – 2024 жылғы 7 маусым;

5) таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан (физика, химия, биология, география, геометрия, дүниежүзілік тарих, құқық негіздері, әдебиет (оқыту тілі бойынша), шет тілі (ағылшын/француз/неміс), информатика) – 2024 жылғы 11 маусым.

4. Мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары М.Т. Байханова 2023-2024 оқу жылының аяқталуы бойынша іс – шаралар жоспарын құрып, бекітсін және емтиханға дайындық бойынша қосымша сабақтар кестесін әзірлесін.
5. Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.Т.Нургалиева ата-аналардан қаражат жинамау мәселесі бойынша мектептің барлық мұғалімдерімен түсіндіру жұмыстарын жүргізсін.
6. Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары З.И.Сатыбалдина «Соңғы қоңырау» іс-шарасының жоспарын құрып, бекітсін.
7. Ұлттық білім беру деректер қоры мәліметтері мен «Bilimclass» жүйесіне тоқсандық, жылдық қорытынды бағалар уақытылы, сапалы толтырылсын.
8. Берілген бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Мектеп директоры



Шаметова Р.К.